

Бекітемін

Ақмола облысы білім

басқармасының жанындағы

ОДТСЖАӘД ОӘО директоры

В. Яковенко

2018 жыл



**«Ерлік» облыстық әскери-патриоттық лагерін откізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Мақсаты: қазақстандық патриотизмді және азаматтықты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- жоғары патриоттық сананы, өз Отанына адалдық сезімін қалыптастыру;
- Отан мұддесін қорғау бойынша азаматтық борышын және конституциялық міндеттерін орындаудағы жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;
- Ақмола облысының жалпы білім беретін мектептерінің және колледждерінің оқушыларында жігерлілік қасиеттерді жан-жақты дамыту;
- Қазақстан халқының жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін силау, адап болу, өз Отанын мақтан ету және қоғамға пайдалы болуға ұмтылу сезімін қалыптастыру;
- жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жүйесін дамытуға ықпал ету;
- әскери-патриоттық клубтардың қызметтерін насиҳаттау.

Откізу мерзімі мен орны

2018 жылдың 26 - 29 сәуірінде Бурабай ауданында «Звездный» БСО

Ұйымдастырушылар

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы дene тәрбиесі, спорт және алғашқы әскери дайындық орталығы.

Катысушылар

әскери-патриоттық клубтардың лидерлері (бозбалалар мен қыздар): ӘПК үш тәрбиеленушіден және әр аудандық білім бөлімінен бір жетекшіден, колледждердің ӘПК бір тәрбиеленушіден және жетекшіден.

Барлығы 116 қатысушы.

Әрбір қатысушыда өзімен бірге жеке күәлігі, медициналық анықтама, оку орнынан анықтама және клуб мүшесінің күәлігі болуы қажет.

Жетекшіде: білім мекемесінің лагерге жіберу туралы бүйрығы, пневматикалық винтовка, планшет.

Киім нысаны және керек-жараптар

Әр қатысушыда болу керек: ҚМ бүйрығына сәйкес камуфлирленген түстегі нысанды костюм, кеудешенің сол жеңінде, өзі келіп тұрған клубтың әмблемасымен шеврон, оң жеңінде әскери-патриоттық клубтардың облыстық бірлестігінің әмблемасымен шеврон, бас киім, белбеу, берцовтік бәтіңке, спорттық костюм және аяқ киім, блокнот, қалам.

Мазмұны

- Әскери-патриоттық, спорттық сайыстар
- Әскери істің негіздерін практикада зерделеу
- Ауған соғысының ардагерлерімен, әскери комиссариаттың және әскери құрылымдардың қызметкерлерімен кездесу
- КР ҚМ Кадет корпусы курсанттарының көрнекті қойылымдары
- КР ҚМ Кадет корпусының оқу полигонына саяхат

Марапаттау

1,2,3 орын алған әскери-патриоттық клубтардың тәрбиеленушілері, командалары, жетекшілері сәйкес дәрежедегі дипломдармен, естелік медальдармен марапатталады. Барлық қатысушыларға естелік вымпелдер беріледі.

Қаржыландыру

Қатысушыларды іссапарға жіберу шығынын жіберуші мекеме мына есепте төлейді:

- бару-келу жолын;
- қатысушылар үшін тұратын жер мен тамақтануға 2107 теңге (900+1207);
- жетекшілер үшін тұратын жер мен тамақтануға – 1986 теңге (900+1086).

Марапаттаумен, кеңсе тауарларын, вымпелдерді сатып алumen байланысты, плакаттарды, баннерлерді дайындау, нұсқаушылар бригадасын тамақтандыру шығынын Білім басқармасы жанындағы ОДТСЖАӘД ОЭО көтереді.

Ұйымдастыру комитеті

Қосымша №1

Оку сабақтарының бағдарламасы

№ р\с	Сабақтардың атаяуы	уақыты	орны	нұсқаушы
1	Медициналық дайындық: алғашқы мед. көмек негіздері			
2	Қарудың материалдық-техникалық бөлігін зерделеу: пистолет, гранатомет, гранаталар			
3	Локалды әскери жанжалдар, лаңкестік актілер жасалған орындарда болған кездегі қауіпсіздік техникасы			
4	Коян-қолтық ұрыстың негіздері			
5	Экстремалды жағдайларда тірі қалу негіздері			
6	Практикалық психология			
7	Клубтардың жетекшілері үшін тренингтер, талқылаулар			
8	Басқару сигналдары			

Қосымша №2

Жарыстардың бағдарламасы

1. Диоптрикалық көздеуіші бар пневматикалық винтовқадан ату
2. Әскери-спорттық эстафета
3. Жас әскери үш сайыс: тартылу (қолды жазып бұгілу), лақтыру, кросс

Жарыстарды өткізу түрі мен реті лагерде анықталады.